

«Бекітілді»

Ескенежал негізгі мектебінің директоры

Оқу ісін меңгерушісі

Жакенова А.С.

« 04 » 09 2020ж.

Орта буын пәндер әдістеме бірлестігінің мақсат, міндеті

2020-2021 оқу жылы

Тақырыбы: «Оқыту үрдісіне түрлі әдіс-тәсіл арқылы жаңа технологияларды енгізу, сабақтың тиімділігін арттыру»

Мақсаты: ««Оқушының танымдылық белсенділігін, сын тұрғыдан ойылау қабілеттерін дамыту, тиімді технологияны анықтау, тәжірибе өткізу арқылы білім арттыру, мұғалімдердің шығармашылық қабілетін жетілдіру».

Міндеттері:

- оқу жылы барысында жаңа технологияны меңгеру жолындағы нәтижелерді зерттеу;
- оқушылардың шығармашылық, танымдылық қабілеттерін дамыту;
- сапалы білім, саналы тәрбие беру арқылы оқушының өзін-өзі жетілдіруге, дамытуға баулу;
- оқушы, мұғалім арасындағы педагогикалық ынтымақтастыққа, халық педагогикасы тұрғысынан тиімді ықпал ету, табиғаттану, психология, тарих, әдебиет, ой дамыту, руханият әлемін дамыту;
- дарынды оқушылар мен үлгерімі төмен оқушыларды теңестіру жұмыстарына тиімді көрнекіліктерді табу;
- оқушыларды Отан сүйгіштікке, имандылыққа, табиғат және қоғам арасындағы қарым-қатынасты терең білуге игеру, тәрбиелеу арқылы оқушының мектеп бітіргеннен соң, өмірден өз орнын таба білуіне бағыт сілтеу;
- білім стандарттары мен әлемдік стандарттардың ара жігін кіріктіру;

Мектептегі әдістемелік жұмысының құрылымы

МБКИ → аудандық ӘБ → РО



Педагогикалық кеңес



Әдістемелік кеңес



Әдістемелік бірлестіктер



Сынып
жетекшілер



Бастауыш
сыныптар



Орта буын
пәндер



Техникалық лицей мектебінің директоры

Мұрат Н.

2020-2021 оқу жылына арналған шығармашылық топтың жұмыс жоспары

Тақырыбы: «Оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, оқушының танымдылық белсенділігін арттыру»

Мақсаты: «Оқушының танымдылық белсенділігін дамыту, тиімді технологияны анықтау, тәжірибе өткізу арқылы білім арттыру, мұғалімдердің шығармашылық қабілетін жетілдіру».

Міндеттері:

- тәжірибе үрдісін жүргізу;
- арнайы семинар – отырыстар және ақпараттық құрал арқылы тәжірибе алаңын кеңейтіп отыру;
- танымдылық белсенділікті анықтаудың мониторингтік көрсеткішінің жүйесін анықтау;
- оқышының танымдылық белсенділігін арту немесе кему себебін үнемі салыстырмалы саралау;
- қазіргі қолданыстағы оқыту технологиялардың салыстырмалы саралау.

Шығармашылық топтың мүшелері:

- | | | |
|------------------|------------------|------------------|
| 1.Мұрат Нурсауле | 2.Жакиенова А.С. | 5.Жухай Жаңболат |
| 3.Уай Мейрамхан | 4.Силам Ашимбек | 6.Атағужина А.Ж. |

Жетекшісі: Атағужина А.Ж.

Ескенежал негізгі мектебі
коммуналдық
мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное
учреждение
Ескенежалская основная школа

БҰЙРЫҚ

3.09.2020

Ескенежал ауылы

ПРИКАЗ

№ 27

село Ескенежал

Әдіс бірлестік жетекші және хатшыларды бекіту туралы

1.Төмендегі мұғалімдер кіші әдіс бірлестік пен хатшылыққа жауапты болып бекітілсін:

Сынып жетекшілер ә.б.ж-Әлиева Ш.Ө.

Бастауыш сынып ә.б.ж – Усетаева Л.С.

Орта буын ә.б.ж- Атагужина А.Ж.

2.Педагогикалық кеңес хатшысы- Әлиева Ш.Ө

Әдістемелік кеңес хатшысы - Атагужина А.Ж .

Директор жанындағы отырыс хатшысы - Ахатхан А

Мектеп директоры



Мурат.Н

«Бекітемін»

Ескенжақ негізгі мектебінің директоры

Мурат Н.

Орта буын әдістеме бірлестігінің**2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

№	Әдістемелік жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
Тамыз-қыркүйек			
1	Әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен оқу бағдарламасымен таныстыру. Жаңа оқу жылының жоспарларын талдап, мақсат, міндеттерімен таныстыру.	Тамыз	ӘБ жетекшісі
2	Сынып журналдарын толтыру бойынша нұсқаулықпен таныстыру.	Қыркүйек	ОІМ
3	Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын жаңа бағдарламаға сай реттеу.	Қыркүйек	ӘБЖ
4	Жас мамандармен жұмыс, тәлімгерлерді анықтау.	Қыркүйек	Жухай Ж.
5	Шығармашылық топ құру, жұмыс жоспары.	Жыл бойы	ӘБЖ, пән мұғалімдері
6	Тілдер мерекесін өткізу. «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» онкүндігі.	7-18 қыркүйек	ӘБЖ, тіл мамандары, сынып жетекшілер
7	Информатика, көркем еңбек пәндерінің берілуіне бақылау жасау.	22-25 қыркүйек	ӘБЖ, ОІМ
Қазан			
1	Оқушылардың дәптерлерін талапқа сай жүргізілуіне бақылау жасау.	Жартыжылдық сайын	ӘБЖ
2	Технология пәнінен «Шеберлер қалашығына саяхат» үш күндік.	5-8 қазан	Хызмет О.
3	Информатика, көркем еңбек пәндеріне қатысу.	5-16 қазан	ОІМ, ӘБЖ
Қараша			
1	I тоқсан қорытындысына талдау. Жб, Тжб қорытындысының сараптамасы.	Ай ішінде	ӘБЖ
2	I Qanat олимпиадасын өткізу.	қараша	Пән мұғалімдері
3	Информатика, математика, физика пәндерінен «Ғылым кереметтері» апталық.	23-27 қараша	Пән мұғалімдері
4	Биология, химия әлеміне саяхат.	23-26 қараша	Адебиет Е.
5	5-9 сынып оқушыларының қазақ әдебиетінен оқу жылдамдығының көрсеткіштері.	30 қараша	Атагужина А.Ж.
Желтоқсан			
1	Пән мұғалімдерінің ғылыми жоба жұмыстары.	Жыл бойы	Адебиет Е.
2	Жб, Тжб қорытындысының сараптамасы, модерация өткізу.	Ай ішінде	ӘБЖ

I отырыс /қыркүйек/

1. 2019-2020 оқу жылында атқарылған жұмыстарының сараптамасы. /ӘБЖ/
2. Жаңа оқу жылының жоспарларын талдап, мақсат, міндеттерімен таныстыру. /ӘБЖ/
3. 2020-2021 оқу жылының пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын, апталықтарын, ашық сабақтарының кестесін дайындау туралы. /ӘБЖ, пән мұғалімдері/

II отырыс /қараша/

1. «Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында тиімді әдістер мен жаттығуларды пайдалану. /шебер-әдіс/ /Жухай Ж./
2. I тоқсан бойынша атқарылған жұмыстарының есебі, мектепшілік олимпиадасының қорытындысы. /ӘБЖ/
3. Жас мамандардың сабаққа қатысуы туралы. /ОІМ; ӘБЖ/
4. Оқушылардың дәптерлерінің талапқа сай жүргізілуі, оқу жылдамдықтарының қорытындысы. /ӘБЖ/
5. I жартыжылдық бойынша ЭКЖ тексеру қорытындысы. /ӘБЖ, ОІМ/

III отырыс /қаңтар/

1. II тоқсан бойынша атқарылған жұмыстарының есебі, технология және дене шынықтыру сабақтарының қорытындысы. /ӘБЖ/
2. Баяндама: "Информатика пәнін оқытуда ойын технологияларын қолдану" /Бахи А./
3. Ағылшын тілінен 5-9 сынып оқушыларының оқу жылдамдықтарының есебі. /Жухай Ж./
4. ЖБ, Тжб тексеру қорытындысы. /ӘБЖ/

IV отырыс /сәуір/

1. II жарты жылдық атқарылған жұмыстарының есебі, 4 сынып оқушыларының пәндік бақылауының қорытындысы туралы. /Пән мұғалімдері/
2. Негізгі мектеп бітіру курсы бойынша және сыныптан-сыныпқа көшіру емтихан материалдарын даярлау, кеңес алу кестесін жасау. /Пән мұғалімдері, ОІМ/
3. II жартыжылдық бойынша ЭКЖ тексеру қорытындысы. /ӘБЖ, ОІМ/
4. Жаңа оқу жылына жоспар құру, мақсат, міндеттерді айқындау. /ӘБЖ, пән мұғалімдері/

03.09.20ж.

Ескенежал ауылы

Қатысқандары: 10

Қатыспағандары: жоқ

Күн тәртібі:

1. 2019-2020 оқу жылында атқарылған жұмыстарының сараптамасы. /ӘБЖ/
2. Жаңа оқу жылының жоспарларын талдап мақсат, міндеттерімен таныстыру. /ӘБЖ/
3. 2020-2021 оқу жылының пән мұғалімдерінің күнтізбелік-такрыптық жоспарларын, апталықтарын, ашық сабақтарының кестесін дайындау туралы. /ӘБЖ, пән мұғалімдері/

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орта буын әдістеме бірлестігінің жетекшісі Атагужина А.Ж. сөз сөйлеп, өткен оқу жылының атқарылған жұмыстарына тоқталып кетті. Орта буын жұмысының жетістіктері туралы тоқталып, қандай бағытта жұмысты жақсарту туралы тоқталды. Былтырғы оқу жылында жоспарланған жұмыстар түгел қамтылды. Өткен оқу жылымен салыстырғанда оқу тәрбие жұмысы біршама жоғары дәрежеде өтті деп есептеуге болады. Әдістеме бірлестігінің жетекшісі ретінде мұғалімдердің сабақтарына қатысып, ұсыныстар айтылуда. Ашық сабақтар, апталықтар өз уақытымен атқарылды. Мұғалімдер оқушыларды олимпиадаға, сайыстарға қатыстырып жақсы көрсеткіштер көрсете білді. Жаңа оқу жылында пән мұғалімдеріне мақалалар жариялап, ғылыми жобалармен айналысу ұсынылды, осы бағытта талай жұмыс жасауымыз керектігіне тоқталды. Ескенежал негізгі мектебінде 2020-2021 оқу жылында орта буын әдістеме бірлестігі өз жұмысын жаңа оқу жылына қойған мақсат, міндеттерін айқындап өз жұмысына құлшыныспен кірісіп кетті. Биылғы оқу жылында барлық пән мұғалімдері жаңартылған бағдарлама бойынша курстан өтті. Оқу жылына 4 отырыс жоспарланып отыр. Пән мұғалімдерді әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен оқу бағдарламасымен танысып, жаңа оқу жылының мақсат, міндеттерімен таныстырылды. Оқу ісінің меңгерушісі Жакиенова Анар Сериковна күнделік kz толтыру бойынша мұғалімдерді

ақпараттар етті. Пән мұғалімдеріне күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды толтыру бойынша оқу бағдарламаға сүйену және әдістемелік нұсқау хатпен қарап жасау туралы айтты. Жас мамандарға тиісті жан-жақты көмек қолдау көрсетілуде. Және орта буын арасында шығармашылық топ құрылып жұмыс атқаруда, шығармашылық топ құрамына келесі пән мұғалімдері кіреді олар: география пәнінің мұғалімі Мурат Н., тарих пәнінің мұғалімі Уай М., орыс тілі пәнінің мұғалімі Жакиенова А.С., ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Жухай Ж., қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Атағужина А.Ж, және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Силам А. Пән мұғалімдері және орта буын жетекшісі Атағужина А.Ж. өзара пікірлесе отыра келесі шешімге тоқталды оқу жылына келесі онкүндік жоспарлары өткізілетін болды: тілдер онкүндігі қыркүйек айында, технология пәнінен «Шеберлер қалашығына саяхат» үш күндік, «Ғылым кереметтері» апталығы, «Биология, химия әлеміне саяхат», «Шынықсаң шымыр боларсың» дене шынықтырудан үш күндік және ақпан айында шығармашылық топ апталығы.

Шешімі:

1. 2019-2020 оқу жылындағы орта буын бірлестігінің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, апталықтары, ашық сабақтарының кестесі уақытымен бекітіліп, өткізілсін.
3. Пән мұғалімдері өзара сабаққа қатысып, іс-тәжірибемен алмассын.

Хатшы:



Мрат К.

Орта буын әдістеме бірлестігінің отырысының хаттамасы

Хаттама №2

27.11.20ж.

Ескенежал ауылы


Қатысқандары: 10

Қатыспағандары: жоқ

Күн тәртібі:

- 1.«Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында тиімді әдістер мен жаттығуларды пайдалану. /шебер-әдіс/ /Жухай Ж./
2. I тоқсан бойынша атқарылған жұмыстарының есебі, IQanat олимпиадасының қорытындысы. /ӘБЖ/
- 3.Жас мамандардың сабаққа қатысуы туралы. /ОІМ; ӘБЖ/
- 4.Оқушылардың дәптерлерінің талапқа сай жүргізілуі, оқу жылдамдықтарының қорытындысы. /ӘБЖ/
5. I жартыжылдық бойынша ЭЖЖ тексеру қорытындысы./ӘБЖ,ОІМ/

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Жухай Ж. сөз сөйледі.Мұғалімдермен шағын шебер-әдіс өткізді. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігінен арттыру мақсатында жүргізілетін төмендегідей әдістерді жатқызуға болады. Ауызша әдіс, көрнекі әдіс, практикалық әдіс, іздену әдісі, индуктивтік әдіс т.б. Диалогты сөйлеуде – оқушылар сұрақ-жауап, өтініш айту, нұсқау беру және тағы басқа жұмыстары ретінде қарапайым іс-әрекеттерді жасай алуы тиіс.Қазіргі кезеңде жиі қолданып жүретін тілдік жаттығуларының бірі «Warming up». Тілдік жаттығудың мақсаты –сабаққа деген бетбұрыс туғызу, мұғалім мен оқушының арасындағы жақсы қарым-қатынас туғызып, алдағы сабақтың нәтижесін жоғарылата түседі.



Екінші мәселе бойынша орта буын сөзін жалғастырды. Ескенежал негізгі мектебімізде 9-сынып оқушыларынан екі оқушы IQanat олимпиадасына онлайн түрінде тіркелді Айтуған Жанаргүл, Ашимбек Айдана. Койкен Асылжан денсаулығына байланысты тіркеле алмады. Ағылшын тілі, қазақ тілі, Қазақстан тарихы, жаратылыстану пәндерінен zoom арқылы 30 сұрақтан тұратын

тапсырмаларды орындап шықты. Бірінші тур қортындысы әлі белгісіз. Және 5,6 сынып оқушылар арасында мектепшілік олимпиада өткізілді. Мектеп ішінде арнайы комиссия құрылып, хаттама жазылды. Комиссия төрайымы: мектеп директоры Мурат Н., комиссия мүшелері оқу-ісінің меңгерушісі Жакиенова А.С., Жухай Ж., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Атағужина А.Ж. Тапсырманы аудан жіберді. Қазақ тіліне 5-сыныптан Жанболат Нұрсая және 6-сыныптан Хурманхазы Ахерке қатысты, 30 сұрақ тест тапсырмаларын орындап, 30 балл жинап екінші турға екі оқушы да өтті. Жаратылыстану пәнінен 5-сыныптан Жакия Әбілмансұр қатысып, тапсырмаларды толық орындап екінші турға өтті. Математика пәнінен 5-сыныптан Қаби Ұлдана, 6-сыныптан Айболат Жаннұр және Нусивхан Бердігүл қатысты. Математика пәнінен екінші турға бір оқушы өтті 6 сынып Айболат Жаннұр, Нусивхан Бердігүл және Қаби Ұлдананың балдары жеткіліксіз болды.

Мектепшілік олимпиадасының қортындысы:

Қазақ тілінен I орын 5-сынып оқушысы Жанболат Нұрсая, және I орын 6-сынып оқушысы Хурманхазы Ахерке.

Жаратылыстану пәнінен I орын 5-сынып оқушысы Жакия Әбілмансұр.

Математика пәнінен I орын 6-сынып оқушысы Айболат Жаннұр.

20қараша күні аудандық олимпиадаға I турдан өткен оқушылар қатысты. Жаратылыстану пәнінен 5-сынып оқушысы Жакия Әбілмансұр, қазақ тілінен 5-сыныптан Жанболат Нұрсая, 6-сыныптан Хурманхазы Ахерке, математика пәнінен 6-сынып оқушысы Айболат Жаннұр қатысты. Тапсырмаларды онлайн түрінде орындады, ара –қашықтық сақталды, ережеге сай.

Қортындысы қазақ тілінен 5-сынып оқушысы Жанболат Нұрсая 40 балдан 33 балл жинады. Математика пәнінен 6-сынып оқушысы Айболат Жаннұр 12 балл жинады. Ал жаратылыстану пәнінен Жакия Әбілмансұр, қазақ тілінен Хурманхазы Ахерке тапсырманы орындады, сақтау барысында өкінішке орай дұрыс сақталмады.



Үшінші мәселе бойынша оқу-ісінің меңгерушісі Жакиенова Анар Сериковна сөз сөйледі. Жалпы оқу жылынан бастап былтырдан бері мектебімізде екі жас маман қызметтерін атқаруда Бахи Алмазбек

информатика пәнінің мұғалімі және Хызмет Онашыбай көркем еңбек пәнінің мұғалімі. Екі жыл бойы жас мамандармен жұмыс атқарып келеміз, әдістемелік көмек, қолдау көрсетудеміз. Көркем еңбек пәнінің мұғалімінің сабақтарына қатысып, талдау жасадық. Мұғалімнің талпынысы, жұмысқа деген құлшынысы байқалады. Тапсырған жұмыстарды уақытымен орындайды, өз ісіне жауапкершілікпен қарайды. Сабақтарының реті, жүйесі, құрылымы сақталған. Ал информатика пәнінің мұғалімі Бахи А. әлі де қмж, ктж құруда қиналады, сабақ өткізген сәтте ойы шашыраңқы, жинақтылық жоқ, өз ісіне салғырт қарайды. Пән мұғаліміне тиісті қызметіне жауапсыз қарайды. Алайда тәлімгер жас маманмен үнемі жұмыс жасауда, іс-құжаттарды реттеуде, жазуда білмеген тұстарын үйретсе де, жас маманның үйренуге, талпынуға құлшыныс байқалмайды.

Төртінші мәселе бойынша Ескенежал негізгі мектебінде орта буын жетекшісі Атағужина А.Ж. 5-9 сынып оқушыларының жұмыс дәптерлерін тексеріп шықты. Тексеру қорытындысымен мұғалімдерді таныстырып шықты.

Қазақ тілі пәнінен пән мұғалімі Атағужина А.Ж.

5-9 сынып оқушыларының дәптерлерінің сырты толтырылған, сырты ақ парақпен тысталған. Тексерілген, коментарий жазылған.

9-сынып бойынша тексеріліп бағалары қойылған.

Тапсырма жұмыстары тексеріліп, пән мұғалімі оқушыларға кері байланыс жазған. Дәптерлері таза, ұқыпты.

Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихынан дәптерлер тысталған, тексерілген. Пән мұғалімі Уай М.

Орыс тілінен дәптерлері талапқа сай жүргізіледі, пән мұғалімі Жакиенова А.С. Тексерілген, кері байланыс жүргізіледі.

Математика пәнінен пән мұғалімі Мурат К.

5-9 сынып оқушыларының дәптерлерінің сырты толтырылған, сырты ақ парақпен тысталған.

9-сынып бойынша тексеріліп бағалары қойылған.

5-8сыныпта екі жұмыс дәптері жүргізіледі.

Химия, биология 7,8,9 сыныптар бойынша дәптерлерінің сырты тысталған, пән мұғалімі Адебиет Е.тексеріп отырады.

Ескерту: химия, биологиядан сарамандық жұмысқа арнайы дәптер жүргізу. Және орта буын жетекшісі бірден 5-9 сынып оқушыларының оқу жылдамдықтарына тоқталып кетті. Тексеру мақсаты оқушылардың оқу деңгейлерін жақсарту, көркем әдеби шығармаларға деген құлшыныстарын ояту, оқушылардың әдебиет пәніне қызығушылықтарын арттыру.

Тексеру нәтижесі төмендегідей жалпы 5-9 сынып арасында 26 оқушы бар. 5-сыныпта 6 оқушы оқу жылдамдығының пайызы 66% құрайды, оқу жылдамдығы нашар оқушылар Аубакир Тилеубек және Байболат Серікгүл. Аубакир Тилеубек оқу барысында сөздерді анық, түсініксіз оқиды, әрбір сөзде қате жібереді. Байболат Серікгүл баяу оқиды, сөздерде, әріптерде қателер жібереді. Қалған сынып оқушыларының оқу жылдамдықтары жақсы деңгейде.

6-сынып бойынша тоқталып кетсем 5 оқушы оның ішінде 4 қыздың оқу жылдамдықтары жоғары деңгейде нормадан артық сөз оқиды, ал Зейнуллин Рахат 60 сөз нормадан төмен, 6-сыныпта оқу жылдамдығы 80% құрайды.

7-сыныпта 4-оқушы жалпы 4-де жақсы деңгейде нормадан жоғары Уайс Нұргүл, қалғандары нормаға сай 100% құрайды.

8-сыныпта 8-оқушы оқу жылдамдықтары 75% құрайды. Себебі Нусивхан Ақылбек және Ерғанат Нұрбақыт нормадан төмен оқиды. Оқу барысында, сөздерде, жалғауда қателер жібереді, сөздері анық емес, интонациялары нашар.

Жалпы мектеп бойынша 5-9 сыныптар арасында оқу жылдамдықтары 70% құрайды, себебі 26 оқушыдан 5 оқушы нормадан төмен оқиды.

Қазіргі таңда төмен окитын оқушылармен қосымша жұмыс жасаудамын. Көркем әдеби шығармадан үзінділер, поэзия жағынан өлең шумақтарын оқытқызып, мақал-мәтелдермен жұмыстар жүргізілуде.



Қыркүйектің бас кезінде орта буын жетекшісі Атагужина А.Ж. 5-9 сынып пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлын тексеріп шықты. Орта буын жетекшісі пән мұғалімінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын рәсімдеуге қойылатын талаптарымен таныстырды. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар – бұл педагогтың оқу қызметінің жобасы. Жыл басында әр мұғалім өзінің оқу жоспарында әр сабақтың мәнін сипаттау арқылы күнтізбелік-тақырыптық жоспарды жасайды. Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау пән бойынша бағдарлама негізінде құрылады. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар ӘБ бірінші отырысында қаралып, хаттамада көрсетіліп, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен тексеріліп, мектеп директорымен бекітілді. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар 3 қыркүйектен кешіктірілмей тапсырылады. Барлық пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын уақыттылы тапсырды, информатика және көркем еңбектен пән мұғалімдер бірнеше қате жіберіп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын қайта жөндеп бекіттірді.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды құру міндеттері:

- жылдық курста әр тақырыптың орнын және тақырыпта әр сабақтың орнын анықтау;

жылдық курстың жеке сабақтары мен тақырыптарының арасындағы өзара байланысты анықтау;

2. Пән мұғалімінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарының құрылымы:

Ø Титулдық беті.

Ø Түсінік хат (осы курсты оқуды аяқтағаннан кейін оқушыда қалыптасатын негізгі білік пен дағдылары, оқу жоспарын бағдарламалық және оқу-әдістемелік жағынан жабдықталуы).

Ø Оқу пәнін тақырыптық жоспарлау үлгісі.

Шешімі:

1. Өткізілген үшкүндіктер қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. Электрондық журналды толтыруда мұғалімдер жауапкершілікпен қарайтын болсын.

3. Пән мұғалімдері өзара сабаққа қатысып, іс-тәжірибемен алмассын.

4. Жас маман Бахи Алмазбек өз ісіне жауапкершілік танытсын.

Хатшы:



Мурат К.

Орта буын әдістеме бірлестігінің хаттамасы

Хаттама №3

21.01.21

Ескенежал ауылы

Қатысқандары:10

Қатыспаандары: жоқ


Күн тәртібі:

- 1.Екінші тоқсан бойынша атқарылан жұмыстарының есебі технология және дене шынықтыру сабақтарының қорытындысы. /ӘБЖ/
 - 2.Баяндама «Информатика пәнін оқытуда ойын технологияларын қолдану» /Бахи А./
 - 3.Аылшын тілінен 5-9 сынып оқушыларының оқу жылдамдықтарының есебі. /Жухай Ж./
 - 4.Жб, тжб тексеру қорытындысы. /ӘБЖ/
- Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орта буын жетекшісі Атагужина А.Ж. сөз сөйледі. Технолгия пәнінен «Шеберлер қалашына саяхат» атты үш күндігі өткізілді. Пән мұалімі Хызмет О. 6-7 сынып оқушыларымен «Еңбектің наны тәтті» атты сыныптан тыс жұмысын өткізді. Сыныптан тыс тартымды , қызықты өтті.Оқушылар белсенді қатысты. Келесі күні «Шебердің қолы ортақ» көрме жұмысы ұйымдастырылды. Оқушылардың жақсы жұмыстары марапатталды. «Әшекейлерді пайдалана отырып сәндеу безендіру» 8-сыныпта ашық сабаы ойдаыдай сәтті өтті. Дене шынықтыру пәнінің мұалімі де өз үш күндігінтжауапкершілікпен атқарды.
- Екінші мәселе бойынша информатика пәнінің мұалімі Бахи А. «Информатика пәнін оқытуда ойын технологияларын қолдану» баяндасын оқыды.
- Келесі мәселе бойынша аылшын тілі пәнінің мұалімі Жухай Ж. 5-9 сынып оқушыларының оқу жылдамдықтарымен таныстырып шықты.
- Соңында орта буын жетекшісі Атагужина А.Ж. жб, тжб жұмыстарының тексеру қорытындысымен таныстырды.

Шешімі:

- 1.Өткізілген үшкүндіктер қанааттанарлық деп есептелсін.
- 2.Жас мамандармен әдіс-тәсілдерді меңгеруде көмек көрсетілсін.
- 3.Оқу жылдамдықтары төмен оқушыларға тапсырмалар ұсынылсын.

Хатшы:



Мурат К.

Орта буын әдістеме бірлестігінің отырысының хаттамасы

Хаттама №4

15.04.20ж.

Ескенежал ауылы

Қатысқандары: 11

Қатыспағандары: жоқ

Күн тәртібі:

1. II жарты жылдық атқарылған жұмыстарының есебі, 4 сынып оқушыларының пәндік бақылауының қорытындысы туралы. /Пән мұғалімдері/

2. Негізгі мектеп бітіру курсы бойынша және сыныптан-сыныпқа көшіру емтихан материалдарын даярлау, кеңес алу кестесін жасау. /Пән мұғалімдері, ОІМ/

3. II жартыжылдық бойынша ЭКЖ тексеру қорытындысы. /ӘБЖ, ОІМ/

4. Жаңа оқу жылына жоспар құру, мақсат, міндеттерді айқындау. /ӘБЖ, пән мұғалімдері/

Бірінші мәселе бойынша орта буын жетекшісі Айнур Жексембаевна «Ғылым кереметтері», «Биология, химия әлеміне саяхат» апталықтары жақсы деңгейде өткізілді. Мұғалімдер сабақ барысында жаңа педтехнологиялар, әдіс-тәсілдерді тиімді қолданды. Орта буын мұғалімдері 4-сынып оқушыларының сабақтарына қатысып, анықтамаларын оқып шықты. Екінші мәселе бойынша оқу-ісінің меңгерушісі Жакиенова Анар Сериковна емтиханға дайындық жасау, ақарылатын жұмыстарына тоқталды, 9-сынып оқушылармен қазіргі кезден дайындық жұмыстарын жүргізу, кеңес алу бойынша арнайы кестесі құрылды. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша орта буын жетекшісі Атағужина Айнур Жексембаевна сөз айтты. Өз сөзінде электронды журнал жүргізілуіне тоқталды, пән мұғалімдері журналды уақытымен толтырып жатыр, оқушылардың бағалары сәйкес қойылған. Қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалауда өзгерістер болмады. Тек қана еңбек, математика пәндерінен үй тапсырмаларын толық жазып көрсету. Төртінші мәселе бойынша пән мұғалімдері, жетекшісі келесі жылдың мақсат, міндеттерін өзара талдап айқындады.

Шешімі:

1. 4-сынып оқушыларының білім-деңгейлері қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Емтихан бойынша дайындық жұмыстары жүргізілсін.
3. Электронды журнал жүргізілуін үнемі назарда ұстау.
4. 2020-2021 оқу жылының орта буын жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін.


Хатшы:



Мрат К.

Тілдер онкүндігінің мәтіндік есебі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілін білу, т қастерлеу – парызымыз. Қазақ тілін сапалы оқыту ізденістері – бүгінгі пән мұғалімін толғандырып отырған мәселелердің бірі. Оқушының көп тілді үйренуіне мүмкіндік тудырудың басты шарты - ана тілін өз деңгейінде меңгерту. Ана тілінің қыр-сырын терең игерген баланың ұлттық ұстанымы қалыптасады. Осы арайда қазақ тілін оқытудың жан-жақты міндеттері айқындалады. Тілдерді оқыту барысында мұғалім оқушыға білім мен тәрбие бере отырып, алынған білімді қажеттілігіне жарата білу, шығармашылық ізденіс көздерін ашуына бағдар бере білуі керек.



Мұғалімнің жұмыс жүйесі алға қойған мақсатқа сай, оқушының жан-жақты жұмыс істеуі мүмкіндіктеріне жол ашатын міндеттерге сай құрылуы қажет. Ескенежал негізгі мектебінде 5 қыркүйектен бастап 18 қыркүйек аралығында тілдердің онкүндігіне орай отырыс өткізіліп, ашық сабақтардың, сыныптан-тыс жұмыстардың жоспары бекітілді. Пән мұғалімдері бірлесе отырып келесі шешімге тоқталды. «Тіл мәртебесі- ел мәртебесі» тілдердің онкүндігіне арналған жұмыс жоспарына жауапты болып орта буын жетекшісі Атагужина А.Ж. және бастауыш әдістеме бірлестігінің жетекшісі Усетаева Л.С. жауапты болып тағайындалды.

5-қыркүйек онкүндіктің ашылу күніне орай жоғарғы сынып, және бастауыш оқушылардың арасында салтанатты жиын өткізілді. Шағын баяндама оқылып, оқушылар мен ұстаздар онкүндіктің жоспарымен танысты.

Және қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Атагужина А.Ж. «А.Байтұрсынұлы – қазақ әліпбиінің негізін қалаушы» 6-сынып оқушыларының арасында ашық сабағын өткізді. Оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Тапсырмалар оқушылардың деңгейіне сай құрылған. Мұғалім слайд арқылы А.Байтұрсынұлы туралы мәлімет берді. Ақынның еліне жасаған игі істерімен


таныстырды.



11 қыркүйек күні кітапханашысы Тасова Д.Т., «Ұлылардың ұлысы - Абай» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларға ақын туралы мағлұматтар айтылды.



1-6 сынып оқушыларының арасында технология пәнінің мұғалімі Хызмет Оңашыбай А.Құнанбаевтың табиғат тақырыбындағы шығармалары аясында «Табиғат –ғажап әлемі» суреттер көрмесі бойынша оқушыларға арнайы тапсырма ұсынылды. Қорытынды бойынша ең үздік оқушыларының суреттері іріктеліп марапаттауға ұсынылады.



11 қыркүйек күні 9-сынып оқушыларымен бастауыш сынып мұғалімі Усетаева Л.С. «Абай – дана, Абай – дара қазақта» тақырыбында эссе жазды. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары, Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақса ерлікке жұмылдырады. Және де Біржан сал Қожағұлының 185 жылдығына орай «Біржан сал – өңір мақтанышы» бастауыш сынып мұғалімі Алиева Ш.Ө. 1-4 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді. Оқушылар қызығушылық танытты. 12 қыркүйек күні бастауыш мұғалімі Тасова Д.Т. 5-9 сынып оқушыларының арасында С.Сейфулиннің 125 жылдығына орай сыныптан тыс іс-шара

өткізді. Оқушылар белсенділік танытты, сыныптан тыс тартымды да, қызықты өтті. Оқушылар С.Сейфуллин туралы маңызды мәліметтер, ақпараттар алды. Және де 2-4 сынып оқушыларының арасында ағылшын тілі пәнінің мұғалімі «Тілі бірдің - туы бір» тақырыбында латын қарпіне диктант жазу жұмысын өткізді. Оқушыларға мұғалім тарапынан латын әліпбиі түсіндіріліп, шағын диктант жұмысы алынды. 13 қыркүйек күні 8-9 сынып жетекшілері бірлесе «Атығай Қарауылдың бас биі – Қанай Құттымбекұлының өмірбаяны мен шешендік өнері» атты сыныптан тыс іс шарасын өткізді. Шешендік өнері туралы оқушылар мағлұматтарымен танысты. 16 қыркүйек күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Атагужина А.Ж. «Жаңа әліпби – жаңа өмір бастауы» тақырыбында 8-9 сынып оқушыларымен эссе жазды. 1-4 сынып оқушыларының арасында бастауыш сынып мұғалімі Усетаева Л.С. «Атаның сөзі – ақылдың көзі» атты сайыс өткізді. Тапсырмалар оқушылардың деңгейіне сай жасалған. Сайыс өте қызықты өтті. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Жухай Ж. «Жаңа әліпби – жаңа дәуір, жаңа тағдыр», «Латын графикасына көшу – заман талабы» мұғалімдермен дөңгелек үстел ұйымдастырып, латын әліпбиі жөнінде түсіндіріп кетті. 17 қыркүйек күні 1-4 сынып оқушылар арасында бастауыш мұғалімдері Мырзат С. және Әлиева Ш.Ө. «Бөгенбай батырдың шөбересі – Саққұлақ биі» сыныптан тыс шарасын өткізді. Оқушылар белсенділік танытты. Жоспар бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар түгел қамтылып, өткізілді. Тиісті іс шаралар бойынша марапаттау жүргізілді.



Және бастауыш әдістеме орта буын әдістеме бірлестіктерінің жоспары бойынша 25 қарашадан бастап 9 желтоқсан аралығында «Жаңартылған білім – жаңаша дамудың кепілі» бірлескен шығармашылық кештің жұмыс жоспары бекітіліп ашық сабақтар, сыныптан тыс іс шара өткізілді. Және де 17 ақпан мен 28 ақпан аралығында информатика, физика, биология пәндерінен апталық жоспары құрылып бекітілді. Сол жоспар бойынша пән мұғалімдері өздерінің ашық сабақтарын, сыныптан тыс жұмыстарын өткізді. Апталықтың ашылуын биология пәнінің мұғалімі Адебиет Елдаурен оқушыларға өлең жолдарын беріп ән айтқызып, оқушыларға логикалық тапсырмалар ұсынды. Келесі күні физика пәнінің мұғалімі Мурат Қадыржан 7-сынып оқушылармен «Архимед заңың зерделеу» атты сыныптан тыс жұмыс өткізді. Оқушылармен сарамандық жұмыстар өткізді, сабақ жақсы деігейде өтті. Мұғалімдер қатысып пән мұғалімінің сабағы талданып ұсыныстар айтылды. Информатика пәнінен Бахи А. 5-сынып оқушыларымен «Біздің айналамыздағы ақпарат» атты ашық сабағын өткізді. Оқушылар белсенді қатысты. Биология пәнінен 7-сыныпта пән мұғалімі Адебиет Е. «Жүйке жүйесінің орталық және шеткі миі» ашық сабағы бойынша мұғалімге ескетулер жасалды. Және де 5-9 сынып оқушыларымен «Қызықты биология», «Информатика әлемінде» атты сыныптан тыс жұмыстар өткізді. Апталық сонында қорытынды шығарылып, мұғалімдерге түзету тұстары айтылды.

Ескенежал негізгі мектебінде оқу ісінің меңгерушісі Жакиенова Анар Сериковна және орта буын жетекшісі Атагужина Айнур Жексембайқызы І тоқсан бойынша 5-9-сынып оқушыларының жиынтық бағалау және тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының жүргізілу, оқушылардың тапсырмалады орындауын пән мұғалімдерінің тексеру баға қою деңгейлерін тексеріп, қарап шықты. Тексеру нәтижесі төмендегідей:

Орыс тілі, қазақ тілінен, пәндерінен ЖБ, ТЖБ тапсырмаларын орындауына арнайы дәптерлер жүргізіледі, балдар оқушылардың тапсырманы орындауына тиісті дескриптор бойынша бағаланған. Дәптерлері таза, баға оқушының тапсырманы орындау деңгейіне сай қойылған. Пән мұғалімдері Жакиенова А.С., Атагужина А.Ж.

Қалған негізгі барлық пәндерінен/Қазақстан тарихы, математика, ағылшын, информатика, биология, дүниежүзі тарихы, жаратылыстану/ оқушылар жұмыстары бар, тексерілген, балдар қойылған. Химия пәнінен Ітоқсан бойынша ЖБ және ТЖБ жұмыстары 8-сынып оқушысының Нусивхан Ақылбектің және Ерханат Нұрбақыттың модерация өткізу барысында бағасы білім деңгейлеріне сәйкес емес және Нусивхан Ақылбектің биология пәнінен тапсырма деңгейібалына сай емес екенін көрдік. Пән мұғаліміне Адебиет Е. тжб жұмысын тексеруде мұқият болуы ескертілді.

Алгебра, математика пәндерінен ЖБ,ТЖБ тапсырмаларын тексеруде Мурат К. балдарын нақты қойып шығуға ұсыныс айтылды. Және ІІ тоқсанда барлық пән мұғалімдері жб, тжб жұмыстарын дәптерге орындаса жақсы болар еді.

Орта буын жетекшісі:

Атагужина А.Ж.

Ескенежал негізгі мектебінде орта буын жетекшісі Атагужина А.Ж. 5-9 сынып оқушыларының жұмыс дәптерлерін тексеріп шықты. Тексеру қорытындысы төмендегідей:

Қазақ тілі пәнінен пән мұғалімі Атагужина А.Ж.

5-9 сынып оқушыларының дәптерлерінің сырты толтырылған, сырты ақ парақпен тысталған. Тексерілген, коментарий жазылған.

9-сынып бойынша тексеріліп бағалары қойылған.

Тапсырма жұмыстары тексеріліп, пән мұғалімі оқушыларға кері байланыс жазған. Дәптерлері таза, ұқыпты.

Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихынан дәптерлер тысталған, тексерілген. Пән мұғалімі Уай М.

Орыс тілінен дәптерлері талапқа сай жүргізіледі, пән мұғалімі Жакиенова А.С. Тексерілген, кері байланыс жүргізіледі.

Математика пәнінен пән мұғалімі Мурат К.

5-9 сынып оқушыларының дәптерлерінің сырты толтырылған, сырты ақ парақпен тысталған.

9-сынып бойынша тексеріліп бағалары қойылған.

5-8сыныпта екі жұмыс дәптері жүргізіледі.

Химия, биология 7,8,9 сыныптар бойынша дәптерлерінің сырты тысталған, пән мұғалімі Адебиет Е.тексеріп отырады.

Ескерту: химия, биологиядан сарамандық жұмысқа арнайы дәптер жүргізу.

Орта буын жетекшісі:

Атагужина А.Ж.

Ескенежал негізгі мектебінің 30 қараша орта буын жетекшісі Атагужина Айнур Жексембаевна 5-9 сынып оқушыларының оқу жылдамдықтарын тексеріп шықты. Тексеру мақсаты оқушылардың оқу деңгейлерін жақсарту, көркем әдеби шығармаларға деген құлшыныстарын ояту, оқушылардың әдебиет пәніне қызығушылықтарын арттыру.

Тексеру нәтижесі төмендегідей жалпы 5-9 сынып арасында 26 оқушы бар. 5-сыныпта 6 оқушы оқу жылдамдығының пайызы 66% құрайды, оқу жылдамдығы нашар оқушылар Аубакир Тилеубек және Байболат Серікгүл. Аубакир Тилеубек оқу барысында сөздерді анық, түсініксіз оқиды, әрбір сөзде қате жібереді. Байболат Серікгүл баяу оқиды, сөздерде, әріптерде қателер жібереді. Қалған сынып оқушыларының оқу жылдамдықтары жақсы деңгейде.

6-сынып бойынша тоқталып кетсем 5 оқушы оның ішінде 4 қыздың оқу жылдамдықтары жоғары деңгейде нормадан артық сөз оқиды, ал Зейнуллин Рахат 60 сөз нормадан төмен, 6-сыныпта оқу жылдамдығы 80% құрайды.

7-сыныпта 4-оқушы жалпы 4-де жақсы деңгейде нормадан жоғары Уайс Нүргүл, қалғандары нормаға сай 100% құрайды.

8-сыныпта 8-оқушы оқу жылдамдықтары 75% құрайды. Себебі Нусивхан Ақылбек және Ерғанат Нұрбақыт нормадан төмен оқиды. Оқу барысында, сөздерде, жалғауда қателер жібереді, сөздері анық емес, интонациялары нашар.

Жалпы мектеп бойынша 5-9 сыныптар арасында оқу жылдамдықтары 70% құрайды, себебі 26 оқушыдан 5 оқушы нормадан төмен оқиды.

Қазіргі таңда төмен оқитын оқушылармен қосымша жұмыс жасаудамын. Көркем әдеби шығармадан үзінділер, поэзия жағынан өлең шумақтарын оқытқызып, мақал-мәтелдермен жұмыстар жүргізілуде.

Орта буын жетекшісі:



Атагужина А.Ж.

Қыркүйектің бас кезінде орта буын жетекшісі Атагужина А.Ж. 5-9 сынып пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлын тексеріп шықты. **Орта буын жетекшісі** пән мұғалімінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын рәсімдеуге қойылатын талаптарымен таныстырды. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар – бұл педагогтың оқу қызметінің жобасы. Жыл басында әр мұғалім өзінің оқу жоспарында әр сабақтың мәнін сипаттау арқылы күнтізбелік-тақырыптық жоспарды жасайды. Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау пән бойынша бағдарлама негізінде құрылады. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар ӘБ бірінші отырысында *қаралып*, хаттамада көрсетіліп, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен тексеріліп, мектеп директорымен *бекітілді*. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар 3 қыркүйектен кешіктірілмей тапсырылады. Барлық пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын уақыттылы тапсырды, информатика және көркем еңбектен пән мұғалімдер бірнеше қате жіберіп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын қайта жөндеп бекіттірді.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды құру міндеттері:

- жылдық курста әр тақырыптың орнын және тақырыпта әр сабақтың орнын анықтау;

- жылдық курстың жеке сабақтары мен тақырыптарының арасындағы өзара байланысты анықтау;

2. Пән мұғалімінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарының құрылымы:

- Ø Титулдық беті.

- Ø Түсінік хат (*осы курсты оқуды аяқтағаннан кейін оқушыда қалыптасатын негізгі білік пен дағдылары, оқу жоспарын бағдарламалық және оқу-әдістемелік жағынан жабдықталуы*).

- Ø Оқу пәнін тақырыптық жоспарлау үлгісі.

Ескенежал негізгі мектебімізде 9-сынып оқушыларынан екі оқушы IQanat олимпиадасына онлайн түрінде тіркелді Айтуған Жанаргүл, Ашимбек Айдана. Койкен Асылжан денсаулығына байланысты тіркеле алмады. Ағылшын тілі, қазақ тілі, Қазақстан тарихы, жаратылыстану пәндерінен zoom арқылы 30 сұрақтан тұратын тапсырмаларды орындап шықты. Бірінші тур қортындысы әлі белгісіз. Және 5,6 сынып оқушылар арасында мектепішілік олимпиада өткізілді. Мектеп ішінде арнайы комиссия құрылып, хаттама жазылды. Комиссия төрайымы: мектеп директоры Мурат Н., комиссия мүшелері оқу-ісінің меңгерушісі Жакиенова А.С., Жухай Ж., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Атагужина А.Ж. Тапсырманы аудан жіберді. Қазақ тіліне 5-сыныптан Жанболат Нұрсая және 6-сыныптан Хурманхазы Ахерке қатысты, 30 сұрақ тест тапсырмаларын орындап, 30 балл жинап екінші турға екі оқушы да өтті. Жаратылыстану пәнінен 5-сыныптан Жақия Әбілмансұр қатысып, тапсырмаларды толық орындап екінші турға өтті. Математика пәнінен 5-сыныптан Қаби Ұлдана, 6-сыныптан Айболат Жаннұр және Нусивхан Бердігүл қатысты. Математика пәнінен екінші турға бір оқушы өтті 6 сынып Айболат Жаннұр, Нусивхан Бердігүл және Қаби Ұлдананың балдары жеткіліксіз болды.

Мектепішілік олимпиадасының қортындысы:

Қазақ тілінен I орын 5-сынып оқушысы Жанболат Нұрсая, және I орын 6-сынып оқушысы Хурманхазы Ахерке.

Жаратылыстану пәнінен I орын 5-сынып оқушысы Жақия Әбілмансұр.

Математика пәнінен I орын 6-сынып оқушысы Айболат Жаннұр.

20қараша күні аудандық олимпиадаға I турдан өткен оқушылар қатысты. Жаратылыстану пәнінен 5-сынып оқушысы Жақия Әбілмансұр, қазақ тілінен 5-сыныптан Жанболат Нұрсая, 6-сыныптан Хурманхазы Ахерке, математика пәнінен 6-сынып оқушысы Айболат Жаннұр қатысты. Тапсырмаларды онлайн түрінде орындады, ара –қашықтық сақталды, ережеге сай.

Қортындысы қазақ тілінен 5-сынып оқушысы Жанболат Нұрсая 40 балдан 33 балл жинады. Математика пәнінен 6-сынып оқушысы Айболат Жаннұр 12 балл жинады. Ал жаратылыстану пәнінен Жақия Әбілмансұр, қазақ тілінен Хурманхазы Ахерке тапсырманы орындады, сақтау барысында өкінішке орай дұрыс сақталмады.

Қортынды: Пән мұғалімдеріне марапатталған оқушылармен қосымша жұмыс жасап, аудандық олимпиадаға дайындалу.

Ескеру: Сынып жетекшілерге келесі жолы оқушылардың олимпиадаға қатысуын, тәртіптерін және қосымша дайындық жұмыстарын ескеру, қолдау көрсету.

Орта буын жетекшісі:



Атагужина А.Ж.

оқушыларының оқу деңгейі.

Ескенежал негізгі мектебінде 5 – 9сынып аралығында оқу деңгейлері тексерілді. 5 сынып оқушыларының ішінен жоғары деңгейде оқыған Жақия Ә. – 120 сөз және Жанболатқызы Н. – 108 сөз.

Және де жақсы деңгейде Қабі Ұ. – 88 сөз, Садыков Ә.- 76 сөз оқыды. Садыков Ә. кейбір сөздерді қате оқиды және транскрипция ережелерін сақтамайды.

Орташа деңгейде оқыған Байболат С.- 48 сөз. Аталған оқушы кейбір әріптерді дұрыс оқымайды, және де транскрипция ережелерін сақтамайды.

6- сынып оқушыларының ішінен жоғары деңгейде оқыған Кумарова А.- 144 сөз, Айболат Ж. – 104 сөз және Хурманхазы А.-108 сөз.

Жақсы деңгейде Нусивхан Б. - 92 сөз оқыды.

Орташа деңгейде оқыған Зейнуллин Р. - 52 сөз. Аталған оқушы транскрипция ережелерін сақтамайды.

7- сынып оқушыларының ішінен жоғары деңгейде оқыған Уайс Н.- 156 сөз, Қабі А. – 137 сөз, Силам Т.- 134 сөз.

Жақсы деңгейде Кумаров А- 91 сөз оқыды.

8 - сынып оқушыларының ішінен жоғары деңгейде оқыған Садыкова А. – 135 сөз, Хурманхазы Б. – 135 сөз, Байболат А. – 115 сөз. Аталған оқушылар кейбір транскрипциялық ережелерді сақтамайды .

Және де жақсы деңгейде Аубакир А- 96 сөз, Жаманова А – 99 сөз,

Жанболат Н – 84 сөз. Жаманова А. транскрипциялық ережелерді өте жақсы сақтап оқиды.

Орташа деңгейде оқыған Ерханат Н.- 48 сөз, Нусивхан А. – 29 сөз. Аталған оқушы кейбір әріптерді дұрыс оқымайды, және де транскрипция ережелерін сақтамайды.

9 - сынып оқушыларының ішінен жоғары деңгейде оқыған

Айтуған Ж. - 130 сөз.

Жақсы деңгейде Силам А. - 88 сөз, Койкен А. – 100 сөз оқыды.

Ескенежал негізгі мектебінде оқу ісінің меңгерушісі Жакиенова Анар Сериковна және орта буын жетекшісі Атагужина Айнур Жексембайқызы ІҮ тоқсан бойынша 5-9 сынып оқушыларының жиынтық бағалау және тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының жүргізілу, оқушылардың тапсырмалады орындауын пән мұғалімдерінің тексеру баға қою деңгейлерін тексеріп, қарап шықты. Тексеру нәтижесі төмендегідей:

Орыс тілі, қазақ тілінен, пәндерінен ЖБ, ТЖБ тапсырмаларын орындауына арнайы дәптерлер жүргізіледі, балдар оқушылардың тапсырманы орындауына тиісті дескриптор бойынша бағаланған. Дәптерлері таза, баға оқушының тапсырманы орындау деңгейіне сай қойылған. Пән мұғалімдері Жакиенова А.С., Атагужина А.Ж.

Қалған негізгі барлық пәндерінен/Қазақстан тарихы, математика, ағылшын, информатика, биология, дүниежүзі тарихы, жаратылыстану/ оқушылар жұмыстары бар, тексерілген, баллдар қойылған.

Және ІҮ тоқсанда барлық пән мұғалімдері жб, тжб жұмыстарын дәптерге орындаса жақсы болар еді.

Орта буын жетекшісі:



Атагужина А.Ж.

Есептер қазақ тілі математика пәндері бойынша 4 сынып оқушыладың оқу білім сапасы бойынша келесі тесттер алынып оқушылар келесі нәтиже көрсетті

	15	баға	Кортынды пайыз
Байболат Сетергүл	15/12	4	70
Ерханат Нұртилек	15/12	4	70
Жанболат Рукия	15/12	4	70
Қаби Мақсат	15/10	3	50

Қазақ тілі пәні бойынша тест кесінділер алынып , оқушылардың бағалары сәйкес.

Математика пәнінен алынған тест кесіндісінде келесі қортындылар анықталды.

	15	баға	Кортынды пайыз
Байболат Сетергүл	15/13	4	70
Ерханат Нұртилек	15/12	4	70
Жанболат Рукия	15/13	4	70
Қаби Мақсат	15/10	3	50

Математика пәні бойынша 4 сынып оқушылар жоғары нәтижелер анықталып ,қортындылар шығарылды.

4- сынып оқушылардан тест кеспенділер алынды. Балалардың білімдері бағалары сәйкес екендігі анықталды. Тоқталып өтсем Қаби Мақсатпен қосымша жұмыс жүргізуі керек.